

Аягөз қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы N 732 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 ақпанда N 3678 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 113 қаулысы.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 08.04.2024 № 113 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19 бабына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға барлық маршруттар үшін бірыңғай тариф 55 (елу бес) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз ауданы әкімінің

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

Аягөз аудандық

мәслихатының хатшысы

"_24_"_12_2014 жыл

С.Ысқақов

Т.Бозтаев